<p>Серуендеу</p>	<p>1. Бақылау Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау Мақсаты:Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.</p> <p>2..Қимылды ойын:«Жапырақ жинау» Мақсаты:Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> <p>3.Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Мақсаты: Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: «кім табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарды көп біледі» Мақсаты:Өлі табиғат құбылыстары туралы балалардың білімдерін бекіту, жұмбақтарды еске сақтауға үйрету.</p> <p>5. Еркін ойын: Балаларға ойынға қатысушы сыңарларының қимылдарын өз</p>	<p>1. Бақылау Құмырсқаларды бақылау Мақсаты:құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері құмырсқалардың бір уақыттары азыпп қалатынына көңіл аудару.</p> <p>2.Қимылды ойын:«Батыл, еңбекқор құмырсқалар» Мақсаты:Өз қалаулары бойынша балаларды сары және қара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғаулаушы құмырсқалар деп құрамына бөліп, тез тасымалдау.</p> <p>3.Еңбек: Балалар еңбекқор құмырсқаларды бейнелейді. Мақсаты:Аула мен дәлізді тазалайды. Сыпырғышты дұрыс қолдануға дағдыландыру.</p> <p>4.Жеке жұмыс: «айырмашылығымен</p>	<p>1. Бақылау Кіші топтағы балалардың ойындарын бақылау. Мақсаты:Кіші топтың балалары үлкен жастағы балалармен араласа білуге үйрету, олардың ісіне, ойындарына қызығушылық таныту.</p> <p>2..Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты:Ойнаушыл ар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен ұстап, солға бұрылады да тақпақ айтады.</p> <p>3.Еңбек: Балаларға ауланы қураған жапырақтардан тазартуға көмектесу. Мақсаты: Балаларға көмек көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: «Еркелетіп атау» Мақсаты:Балаларды</p>	<p>1. Бақылау Бақшада өнім жинауды бақылау. Мақсаты:Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу.</p> <p>2.Қимылды ойын: «Қияр,қияр» Мақсаты:Алаңның бір жағында-тәрбиеші (ұстаушы), екінші жағында-балалар. Балалар ұстаушыға қос аяқтап секіріп жақындай түседі. Соңғы сөзді естіген кезде, балалар өз орындарына қашады, ал тәрбиеші оларды қуып жетеді.</p> <p>3.Еңбек: Бақшадағы өнімді жинауға көмектесу. Мақсаты: Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көкөністерді жәшіктер мен себеттерге салу.</p> <p>4.Жеке жұмыс:</p>	<p>1. Бақылау Құстарды бақылау. Мақсаты:Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру.</p> <p>2.Қимылды ойын:«Құстардың қшып кетуі» Мақсаты:Балалардың тірек- қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.</p> <p>3.Еңбек: Бақшада түбірлерді қазу Мақсаты: Бірге еңбек ете алуға тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: «Жыл құстардың атау» Мақсаты:Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау.</p> <p>5.Еркін ойын: Балаларды өз рольдерін мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту,орындауға және</p>
-------------------------	---	--	---	--	--

	қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.	мен ұқсастығын тап» Мақсаты: Жәндіктердің басты белгілерін анықтау, салыстыру қабілеттерін дамыту. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау.	бір-бірінің аттарын еркелетіп атауға үйрету. 5. Еркін ойын: Бүлдіршіндер мен балалардың бірігіп ойнауы.	«үсті-асты» Мақсаты: сабағына тамырын сәйкес теруге үйрету. 5.Еркін ойын: Балаларды ойын таңдай білуге, рольді бөлісуге қозғау салу.	сомдауға үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп тұру. Ауа,су,ем шаралары	Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.	«Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан – тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз.	Майтабанның алдын алу. Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.	Ұйқы ашар жаттығулар Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу.
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеу керектігін түсіндіру.				
Ойындар дербес әрекет.	Үстел үсті театры: « Шалқан » ертегісі Мақсаты: Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру	Сюжетті-рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Мамандық туралы түсінік беру .	Ойын – жаттығу «Қуыршық Сәуле қонаққа келді» Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру.	Ойын «Еріншектер» Мақсаты: саусақ моторикасын жетілдіру	Қимылды ойын: «Маймақ қонжық» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Амирханға ересектердің көмегімен қарапайым құрылыстарды үйрету.	Айлинге қарындашпен, фломастермен сурет салуға үйрету.	Асияға қарындашпен, фломастермен сурет салуға үйрету.	С.Дінмұхамедке қарындашпен, фломастермен сурет салуға үйрету.	Иасиинаға қарындашпен, фломастермен сурет салуға үйрету.
Серуендеу	<p>Бақылау Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау Мақсаты:Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.</p> <p>Қимылды ойын:«Жапырақ жинау» Мақсаты:Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p>	<p>Бақылау Құмырсқаларды бақылау Мақсаты:құмырсқалардың тіршілік ету құмырсқалардың бір уақыттары азып қалатынына көңіл аудару.</p> <p>Қимылды ойын: «Батыл, еңбекқор құмырсқалар» Мақсаты: Өз қалаулары бойынша балаларды сары және қара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғаулаушы құмырсқалар деп құрамына бөледі.</p>	<p>Бақылау Кіші топтағы балалардың ойындарын бақылау. Мақсаты: Кіші топтың балалары үлкен жастағы балалармен араласа білуге үйрету, олардың ісіне, ойындарына қызығушылық таныту.</p> <p>Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты: Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен ұстап, солға бұрылады да такпак айтады.</p>	<p>Бақылау Бақшада өнім жинауды бақылау. Мақсаты:Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны қарап шығу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қияр,қияр» Мақсаты: Соңғы сөзді естіген кезде, балалар өз орындарына қашады, ал тәрбиеші оларды қуып жетеді.</p>	<p>Бақылау Құстарды бақылау. Мақсаты:Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын:«Құстардың қшып кетуі» Мақсаты: Балалардың тірек- қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.</p>
Серуеннен оралу	Киімдерін рет-ретімен жинау.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Ата-аналарға кеңес: «Баланың бақшадағы киімі»	Кеңес «Баланың қызығушылықтары»	«Бала тілін дамыту» ата-анаға кеңес.	Кеңес «Егер бала тіл алмаса»	Кеңес «Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу»

Қазан айының I апта 04.10-08.10.2021 аралығындағы Кіші «Балапан» тобы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Отбасы туралы түсінік бере отырып, өзінің туысқанына бауырмалдық, сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.10.2021	Сейсенбі 05.10.2021	Сәрсенбі 06.10.2021	Бейсенбі 07.10.2021	Жұма 08.10.2021
Балаларды қабылдау. Ата –аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу. «Ата-ана балаға үлгі», «Баланы еңбекке баулу». Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.				
Ойындар \үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б\	Саусақ ойыны: Бас бармақтай балақай Ойынның мақсаты: балаларды қойылған сұрақ пен оған қайтарылған жауапты айтушының дауыс ырғағын ажыратуға үйрету.	Үстел- үсті ойыны: «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру»	«Сөйлемей көрейікші» үндемес ойыны.	Саусақ ойыны . Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру .	Үстел үсті ойын «Қоянға жол тап» мақсаты: балаларды қойылған дауыс ырғағын ажыратуға үйрету.
Танертеңгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар №3 Шеңберде аяқтың ұшымен, өкшемен жүріп өту. Қол белде, оңға, солға бұрылыстар жасау (3-4 рет). Қолымызды екі жаққа жайып, көбелек болып ұшамыз, гүлге қонамыз, шырын сорып, қайта ұшамыз.				
Мәдени гигиеналық дағды Таңғы ас	Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың	Дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және	Ойын – жаттығу «Даусына қарай ажырат» Мақсаты: Балалардың үй жануарларының	Үстел үсті театры: «Қоян мен түлкі» ертегісі Мақсаты: Балаларға үстел үстінде ертегі	Саусақ ойыны «Қуырмаш» Мақсаты : саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, сөздік

	атауларын білдіретін сөздермен байыту	қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру	кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру	қорын дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	<p>1.Жаратылыстану Тақырыбы:Менің отбасым Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Мақсаты: Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыру.Балаларға допты лақтыруды және еңбектеуді үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау.</p>	<p>1.Құрастыру Тақырыбы: Үй және қақпа Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету.</p> <p>2.Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы:Дидактикалық ойын «Отбасы мүшелерін атап бер» Мақсаты: Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттырып,оларды сыйлауға тәрбиелеу.</p> <p>2.Дене шынықтыру Мақсаты: Доғалар астынан еңбектеп өту. Балаларды жаттығу ережелерін толық, дұрыс орындауға үйрету. Бір-біріне кедергі жасамауларын, арақашықтықты сақтауларын қадағалау.</p>	<p>1.Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>1.Сурет салу Тақырыбы: «Үй терезесіндегі жарықтар» Мақсаты: Балаларды қылқаламның соңымен сурет салуға үйрету. Қағаз бетінде бағдарлай білуге үйрету. Түстер мен тікбұрышты пішіндер туралы білімдерін бекіту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру</p> <p>2.Дене шынықтыру Мақсаты: Арқан үстінен секіру. Қимыл-қозғалыстарын орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				

<p>Серуендеу</p>	<p>1. Бақылау Желді бақылау Мақсаты: Желдің бағытын анықтау. 2. Еңбек Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. 3. Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. 4. Жеке – жұмыс: Екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау.</p>	<p>1. Бақылау Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. 2. Еңбек: Ауланы қардан тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету. 3. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: тез жүгіруге, тез жүрген баланы ұстап алуға үйрету. 4. Жеке- жұмыс: жаңылтпаштарды жылдам айтқызып, уйрету. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау.</p>	<p>1. Бақылау «Балабақша ауласына саяхат» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күз бен қыс өзгерістерге көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. 2. Еңбек. Ойын алаңын жинау, ұжыммен еңбек ету бір-біріне көмектесу. Мақсаты: Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету. 3. Қимылды ойын: «Секіртпе » Мақсаты: ойынға қызығушылықтарын арттыру, бір-біріне соқтықпай жүгіруге үйрету. 4. Жеке жұмыс: Балабақша туралы ән айтқызу. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау</p>	<p>1. Бақылау Күздің негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: Балаларды күздің белгілерін ажырата білуге үйрету. 2. Еңбек. Ауланы тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету. 3. Қимылды ойын: «құстар » Мақсаты: ойынға қызығушылықтарын арттыру, бір-біріне соқтықпай жүгіруге үйрету. 4. Жеке жұмыс: күздің туралы тақпақ жаттату. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау</p>	<p>1. Бақылау Күн көзін Мақсаты: күн көзін бақылау. 2. Еңбек. Ойын алаңын жинастыруға үйрету.. Мақсаты: Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету. 3. Қимылды ойын: «Тығылыспақ » Мақсаты: ойынға қызығушылықтарын арттыру, бір-біріне соқтықпай жүгіруге үйрету. 4. Жеке жұмыс: күннің сәулелерін құрастырып үйрету. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге</p>				

	көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп тұру. Ауа, су, ем шаралары	Нүктелі массаж 1. Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары – төмен уқалаймыз. 2. Түшкіріп, тұмауратпау үшін нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 3. Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз. 4. Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.	Артикуляциялық жаттығу Тілдің ұшымен қағу. (Құлыншақ) Мақсаты: тілдің бұлшық еттерін нығайту және тілді жоғары көтеру. Бейнелеуі: күлімсіреп, тісті көрсетіп ауызды ашып, тілдің ұшымен қағу (аттың тұяғының дыбысындай).	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық. -Б.қ. қол кезде: Басты оңға, солға, артқа бұру. -Б.ұ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -Б.қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады.	Кілемге жатып, аяқты көтеріп, велосипед тебу, қалыпқа келу (3-4 рет). Жерде жатып, балықша жүзу, екі қолды сермеу, қалыпқа келу (3-4 рет). Аяқтың ұшымен көтерілу, демді жұтып шығару (3-4 рет). Сағаттың тіліндей, Іліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Іліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай – ақ.	Тыныс алу жаттығулары «Ақшақарлар ұшады» Мақсаты: Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп ұшырады.
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеу керектігін түсіндіру.				
Ойындар дербес әрекет.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақ Сәуле қонаққа келді»	«Қайда не өседі?» мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімін бекіту, оларды бір-бірінен айырып, өсетін жеріне	«Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды дұрыс атай білуге, жалпы атауын айтуға үйрету.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б.

			байланысты топтастыру.		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Д.Мариям қағаз парағын ашық түсті дақтармен, жақпалармен ырғақты түрде толтыруды үйрету;	Раянаға ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтауды үйрету.	Ратмирге Жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындауды үйрету;	А.Мариямға қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына үйрету	Омарға ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтауды үйрету.
Серуендеу	Бақылау Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақрын, бірде тез жыжитынын түсіндіру. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқаумен жүреді.	Бақылау Жаңбырды бақылау Мақсаты: Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатынын түсіндіру (жылы, суық). Қимылды ойын: «Бақалар» Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды.	Бақылау Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: балалар назарын қызыл, сары, жасыл- сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Қимылды ойын: «Асық, бірақ түсіріп алма» Мақсаты: Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіруге алуға жаттықтыру.	Бақылау Желді бақылау Мақсаты: Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел- бұл ауа қозғалысы. Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады екен» Мақсаты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан-жаққа қаша жүгіреді.	Бақылау Аспанды бақылау Мақсаты: Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.
Серуеннен оралу	Киімдерін рет-ретімен жинау.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Ақпан айының әндерін үйде де қайталауына ата-аналардың атсалысуы.	Ата-анаға балаларының достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу	Ата аналармен алдағы мереке туралы әңгімелесу.

Қазан айының ІІ апта 11.10-15.10.2021 аралығындағы Кіші «Балапан» тобы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Менің көшем. Мен тұратын үй»

Мақсаты: : Үй және отбасы туралы түсінікті кеңейту, үйдегі бөлмелер, тұрмыс тіршілік әрекетін ұғынып, мейірімділік қатынасты тудыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10.2021	Сейсенбі 12.10.2021	Сәрсенбі 13.10.2021	Бейсенбі 14.10.2021	Жұма 15.10.2021
Балаларды қабылдау. Ата –аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу. «Балабақшаға барар жол», «Біздің үй». Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.				
Ойындар \үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б\	Үстел үсті ойыны «Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балалардың сөзді дұрыс қолдана білуге дұрыс жауап беруге қалыптастыру.	Сөздік ойын: «Зейінді бол» Мақсаты: Сөздік қорын молайту, байқампаздық қабілеттерін арттыру.	Саусақ ойыны «Басбармақтай балақай» Мақсаты: Балалардың саусақ икемділігін жетілдіру, қызығушылық сезімдерін арттыру.	Үстел үсті ойыны «Дәл осындайды тауып ал» Мақсаты: Балалардың дүние танымын кеңейту, тілдік қарым-қатынасты қолдана білуге жаттықтыру.	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Мақсаты: Түр–түсін, пішінін ажыратуға үйрету Мақсаты: Балалардың дүние танымын кеңейту
Танертеңгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар №3 Шеңберде аяқтың ұшымен, өкшемен жүріп өту. Қол белде, оңға, солға бұрылыстар жасау (3-4рет). Қолымызды екі жаққа жайып, көбелек болып ұшамыз, гүлге қонамыз, шырын сорып, қайта ұшамыз.				
Мәдени гигиеналық дағды Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Дидактикалық ойын: «Не көрдім?» Мақсаты: «Демалыс күні қандай балалар бағдарламасын	Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Мақсаты: Өтілген тақырыптар	Дидактикалық ойын: «Таза- кір» Мақсаты: Тазалық және жеке бас гигиенасы туралы	Дидактикалық ойын: «Әдемі сөздер» Мақсаты: Балаларға әдемі, сыпайы, әдепті	Сөздік ойын «Жасырған сөзді тап» Мақсаты: Балалардың тілдерін жетілдіру, сөздік қорын молайту.

	көрдiм?» деген тақырыпта балалар өз ойларын ортаға салып, әңгімелейдi.	бойынша алған бiлiмдерiн тексеру бағытында түрлi сұрақтар қойып, кiм көп жауап бередi	сөз қозғап, суреттер iшiнен таза және кiр балаларды ажырата бiлуге дағыдыландыру.	сөздердi жаттатқызу арқылы, адамгершiлiк тұлға қалыптастыру.	
Ұйымдастырылған оқу қызметтерi	<p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Менiң үйiм» Мақсаты: Балаларды отбасымен, үйлерiмен таныстыруды жалғастыру. Үйдегi бөлмелермен таныстыру арқылы, неге арналғандығын, тұрмыс тiршiлiк әрекетiн түсiндiру. Мейiрiмдiк қатынасты тудыру.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Арқан үстiнен секiру. Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарын орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1.Сенсорика Тақырыбы: «Терезелi үй» Мақсаты: Балаларды 2 әртүрлi фигураны(дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлi көлемдегi (үлкен, кiшкентай) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып оларды пiшiнiне және көлемiне қарай топтастыруға үйрету, ұсақ қол моторикасын жетiлдiру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>2.Музыка (Музыка жетекшiсiнiң жоспары бойынша)</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бiздiң шаңырақ». Ермек Өтетiлеуұлы. Мақсаты: Балаларға өлең сөзiн қайталауға үйрету.Ермек Өтетiлеуұлының «Бiздiң шаңырақ» өлеңiмен таныстыру. Тiлдерiн жетiлдiру,сөздiк қорын молайту.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тартылған жiптен аттап өту. (биiктiгi 10-15 см). Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарды орындаған кезде сигналға жауап қайтаруға жаттықтыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын</p>	<p>1.Жапсыру Тақырыбы: «Тар және кен жолдар» Мақсаты: Жолдармен таныстыру,олардың түсiн пiшiнiн көлемiн ажырата алуға дағыдыландыру.</p>	<p>1.Сурет салу Тақырыбы. «Терезеден күн сәулесi түсiп тұр» Мақсаты: Гуашь бояумен, сурет салу тәсiлдерiмен (поролоннан жасалған пiшiндермен немесе саусақпен), сары түспен таныстыру. Саусақпен күн сәулелерiн салуға, оларды бояуға және нүкте қоюға үйрету. Қол бұлшық еттерiн дамыту. Бейнелеу iс-әрекетiне қызығушылық танытуға ықпал ету.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты бiр-бiрiне лақтыру, ұстап алу. Мақсаты: Допты лақтыру әдiстерiн игеру жағдайларын қамтамасыз ету, түзу және ирек жолдармен</p>

			арттыру, ойлау кабілеттерін дамыту.		жүгіруді үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	<p>1.Бақылау Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақрын, бірде тез жыжитынын түсіндіру.</p> <p>2.Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты:Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындыұтарда отырады. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқаумен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің сонынан жүреді.</p> <p>3.Еңбек: Өз өзіне қызмет ету. Мақсаты: Серуен соңында ойыншықтарды жинау.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Дидактикалық ойын: «Бұлт» Мақсаты:Бұлттағы бейнені тауып, атын атау.</p> <p>5. Еркін ойын:</p>	<p>1.Бақылау Жаңбырды бақылау Мақсаты: Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатынын түсіндіру (жылы, суық). 2.Қимылды ойын: «Бақалар» Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді.</p> <p>3.Еңбек: Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау. Мақсаты: Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасап</p>	<p>1.Бақылау Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: балалар назарын жапырақтардың қызыл,сары, алтын түсті, жасыл- сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. 2.Қимылды ойын: «Асық, бірақ түсіріп алма» Мақсаты: Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіруге алуға жаттықтыру.</p> <p>3.Еңбек: Учаскедегі жапырақтарды жинау. Мақсаты: балаларды жұмысқа белсенді қатысуға үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Дидактикалық ойын: «Жапыраққа қарап ағашты таны»</p>	<p>1.Бақылау Желді бақылау Мақсаты: Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел- бұл ауа қозғалысы. 2. Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады екен» Мақсаты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан-жаққа қаша жүгіреді 3.Еңбек: Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау. Мақсаты: Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Тәжірибе: шардың желін шығару. Мақсаты: Жел- дегеніміз кейде қатты, кейде баяу</p>	<p>1.Бақылау Аспанды бақылау Мақсаты: Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. 2. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту (балалар алаңда жұмыс істеп тұрған мотор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді). 3.Еңбек: Поделка жасау үшін табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: Қолдан зат жасауға қажетті табиғи материалдарды жинауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: «Бұлтты күні, ашық күні аспан қандай</p>

	Балалардың ойындарын қызғылықты етіп ойнауларын ұйымдастыру.	үйрету, балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Сөздік ойын: «Ауа раы туралы айтып беру» Мақсаты: Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. 5. Еркін ойын: Ауа райын есепке ала отырып дәлізде ойналатын ойындарды, жағдай туғызу.Жақсы тәртіп әдеттерін іс-әрекеттері өткізуге қалыптастыру.	Мақсаты: Балаларды жапырақтың қай ағаштан түскенін анықтауға үйрету. 5. Еркін ойын: Балалардың тұрақты бірлестіктерін нығайтуға көмектесу. Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу.	горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы. 5. Еркін ойын: Қуанышты тыныш жағдайды тудыру және оны сақтауға көмектесу, ынталарын және өз бетінше жқмыс жасай алатындығын көтермелеу.	болатынын ат» Мақсаты: Түрлі ауа райындағы аспанды суреттей алуын бекіту. Балалардың сөздік қорын байыту. 5. Еркін ойын: Үлкендердің азғана көмегімен балалардың ойынға ыңғайлы жерді таңдай білуін, ойын жағдайын ұйымдастыра алуын қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп тұру. Ауа,су,ем шаралары	Кереуеттегі жаттығулар Созылу. Б.к. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп	Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды	Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық,Қолымызды	Майтабанның алдын алу. Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру,	Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)

	басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз.	созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»	жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.	өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.	Қайырлы таң, кұлақтарым! (кұлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеу керектігін түсіндіру.				
Ойындар дербес әрекет.	Үстел үсті театры: « Шалқан » ертегісі Мақсаты: Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру	Сюжетті-рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Мамандық туралы түсінік беру .	Ойын – жаттығу: «Қуыршық Сәуле қонаққа келді» Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорын байыту.	Ойын «Еріншектер» Мақсаты: саусақ моторикасын жетілдіру.	Қимылды ойын: «Маймақ қонжық» Мақсаты: балаларды андардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	А.Мариям Ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтауды үйрету.	Еркеге Қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына үйрету;	Рахимге өзінің, жақын адамдарының есімдерін білуге, киімді, жиһазды, ыдыстарды, атай білуге үйрету;	Исламға мазмұнына қарапайым сөзтіркестерін, ойыншықтармен шағын қойылымдарды түсіндіру;	Омарға жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу)
Серуендеу	1. Бақылау Топырақты бақылау Мақсаты: Балалар назарына аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі	1. Бақылау Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Мақсаты: балалар назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы	1. Бақылау Шалшықтарды бақылау Мақсаты: Балалар назарын таңертеңгілік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту.	1. Бақылау Көбелектерді бақылау Мақсаты: Көбелектердің сыртқы тұрпаты, қозғалыс тәсілі, қоректенуі жайлы балалардың білімдерін бекіту. Жазда	1. Бақылау Гүлзардағы гүлдерді бақылау Мақсаты: Гүл атауларын есте сақтау. Балалар назарын гүлдердің көбісінің гүлдеп болғанына

	<p>ашық сұр болады.</p> <p>2..Қимылды ойын:«Нысананы дұрыс көзде»</p> <p>Мақсаты: Балалар шеңбер жасап тұрады, әрбіреуі қолдарына кішкентай допты немесе құм салынған қапшықты ұстап тұр. Балалар қолдарындағы серме допты жәшікке лақтырады.</p>	<p>аула тазартушының міндетінде.</p> <p>2.Қимылды ойын: «Айгөлек»</p> <p>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар бойынша әрекет ету.</p>	<p>2..Қимылды ойын: «Кішкене өзен арқылы»</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балалрға мынау «өзен» ,оның үстіне тақтадан көпірден өтеміз.</p>	<p>көбелектердің көп жолатынын еске түсіру.</p> <p>2.Қимылды ойын: «Күн мен түн»</p> <p>Мақсаты: Белгі бойынша қимылдай алуын дамыту,ойын ережесін орындау.</p>	<p>аудару.</p> <p>2.Қимылды ойын:«Допты қуып жет»</p> <p>Мақсаты: Балалар алаңда өзді-өзі ойнап жүреді. Тәрбиеші бірнеше балаларды атап шақырып, допты қуып жетуді жіне онымен ойнауды ұсынады.</p>
Серуеннен оралу	Киімдерін рет-ретімен жинау.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	<p>Ата-аналарға кеңес:«Баланың бақшадағы киімі»</p>	<p>Кеңес «Баланың үйдегі қауіпсіздігі»</p>	<p>«Балаңыздың сүйікті ойыншықтары» ата-анаға кеңес.</p>	<p>Әңгімелесу. «Бала және көше»</p>	<p>Ата-аналарға кеңес «Ұсақ қол моторикасын дамыту»</p>

Қазан айының III апта 18.10-22.10.2021 аралығындағы Кіші «Балапан» тобы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Мақсаты: Қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын дамыту, көше туралы түсінік беру

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.2021	Сейсенбі 19.10.2021	Сәрсенбі 20.10.2021	Бейсенбі 21.10.2021	Жұма 22.10.2021
Балаларды қабылдау. Ата –аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың қауіпсіздігі», «Бала және оның ортасы». Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.				
Ойындар \үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б\	Саусақ ойыны «Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балалардың сөзді дұрыс қолдана білуге дұрыс жауап беруге қалыптастыру.	Үстел үсті ойыны «Зейінді бол» Мақсаты: Сөздік қорын молайту, байқампаздық қабілеттерін арттыру.	Саусақ ойыны «Басбармақтай балақай» Мақсаты: Балалардың саусақ икемділігін жетілдіру, қызығушылық сезімдерін арттыру.	Үстел үсті ойыны «Дәл осындайды тауып ал» Мақсаты: Балалардың дүние танымын кеңейту, тілдік қарым-қатынасты қолдана білуге жаттықтыру.	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Мақсаты: Түр–түсінпішінін ажыратуға үйрету
Таңертеңгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар №4 Қолымызды қимылдатып, күбіндегі қымызды піскендей боламыз, қалыпқа келеміз (3-4рет). Оң қолды, сол қолды жоғары көтеріп, есеміз (3-4рет).				
Мәдени гигиеналық дағды Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	Дидактикалық ойын «Жаңа қуыршақ» Мақсаты: Баланы топ бөлмесіндегі заттарды дұрыс атап, тілдерін, зейіндерін дамыту	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті	Дидактикалық ойын: «Көршінді ата» Мақсаты: Балаларды шеңбер бойына отырғызып қойып, көрші баланың атын атауға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Мені кайтала» «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы	Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» Мақсаты: Қимыд қозғалыстарын дамыту.

		белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.	Шапшаңдыққа, алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	суреттер көрсету арқылы жыл мезгілдерін ажырата білу дағдыларын арттыру, қайталату.	
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	<p>1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Абайла балақай» Мақсаты: Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Мақсаты: Допты лақтыру әдістерін игеру жағдайларын қамтамасыз ету, түзу және ирек жолдармен жүгіруді үйрету.</p>	<p>1.Құрастыру. Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыруға үйрету.«Алға»және «артқа»деген ұғымдарды меңгерту және оны іс-әрекет барысында көрсетуге дағдыландыру.</p> <p>2.Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Қонаққа бізді шақырды». Мақсаты: Балаларды сөйлемдерді дұрыс құруға, сөздердің аяғын қиыстыруға, көмекші сөздерді қолдануға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Суретке сүйене отырып, сөйлем құрастыру іскерлігін бекіту</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.</p>	<p>1.Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>1.Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын жолдар» Мақсаты: Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету.Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.</p>
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				

<p>Серуендеу</p>	<p>1. Бақылау Топырақты бақылау Мақсаты: Балалар назарына аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. 2..Қимылды ойын:«Нысананы дұрыс көзде» Мақсаты: Балалар шеңбер жасап тұрады, әрбіреуі қолдарына кішкентай допты немесе құм салынған қапшықты ұстап тұр. Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар қолдарын серме допты жәшікке лақтырады. 3.Еңбек: Гүлзардағы жұмыс Мақсаты: күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Тәжірибе: Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру. Топырақ жылы,оны күн қыздырды.</p>	<p>1. Бақылау Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Мақсаты: балалар назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. 2.Қимылды ойын: «Айгөлек» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар бойынша әрекет ету. 3.Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: Әр баланың күші мен мүмкіндігінебайланысты жұмыс бөлу. 4.Жеке жұмыс: күннің сәулелерін құрастырып үйрету. Мақсаты:Күннің сәулесі туралы түсінік беру. 5. Еркін ойындар: Балалар қалаған ойындарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау.</p>	<p>1. Бақылау Шалшықтарды бақылау Мақсаты: Балалар назарын таңертеңгілік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту. 2..Қимылды ойын: «Кішкене өзен арқылы» Мақсаты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға мынау «өзен» ,оның үстіне тақтадан көпірден өтеміз. 3.Еңбек: Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару. Мақсаты: Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбиелеу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру. 4.Жеке жұмыс: «кім табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарды көп біледі» Мақсаты:Өлі табиғат құбылыстары туралы балалардың білімдерін</p>	<p>1. Бақылау Көбелектерді бақылау Мақсаты:Көбелектердің сыртқы тұрпаты, қозғалыс тәсілі, қоректенуі жайлы балалардың білімдерін бекіту. Жазда көбелектердің көп юолатынын еске түсіру. 2.Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: Белгі бойынша қимылдай алуын дамыту,ойын ережесін орындау. 3.Еңбек: Гүлзардағы гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Ең ірі, ашық,әдемі гүлдерді тұқымын жинау, стаканға салып, сыртын жазып қою. Ынтасын, ұжымда еңбек ете алуын көтермелеу. 4.Жеке жұмыс: «егер сен көбелек болсаң» Мақсаты:Қиялын, есін дамыту, қорғансыз кішкене жәндіктің көзімен</p>	<p>1. Бақылау Гүлзардағы гүлдерді бақылау Мақсаты:Гүл атауларын есте сақтау. Балалар назарын гүлдердің көбісінің гүлдеп болғанына аудару. 2.Қимылды ойын:«Допты қуып жет» Мақсаты: Балалар алаңда өзді-өзі ойнап жүреді. Тәрбиеші бірнеше балаларды атап шақырып, допты қуып жетуді жіне онымен ойнауды ұсынады. 3.Еңбек: Кейбір өсімдіктерді тірі табиғат бұрышында бақылау мақсатында күршектерге қайта отырғызу. Мақсаты: Бірге еңбек ете алуға тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: «сурет бойынша гүлді тап» Мақсаты:Гүлді сыртқы түрінің, сабағының</p>
-------------------------	---	---	--	--	---

	<p>Мақсаты:Күннің сәулесі туралы түсінік беру.</p> <p>5. Еркін ойындар: Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасай алуын жетілдіру.</p>		<p>бекіту, жұмбақтарды еске сақтауға үйрету.</p> <p>5. Еркін ойын: Балаларға ойынға қатысушы сыңарларының қимылдарын өз қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.</p>	<p>әлемді көре алғызу, оларға сүйсіне қарауын қалыптастыру.</p> <p>5.Еркін ойын: Балаларға ойынға қатысушы сыңарларының қимылдарын өз қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.</p>	<p>ұзындығының, гүлінің түсі мен формасының суреттелуі бойынша гүлдердің арасынан таба алуға үйрету..</p> <p>5.Еркін ойын: Құммен ойнау</p> <p>Мақсаты: Құмның қасиетті туралы білімдерін бекіту.</p>
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп тұру. Ауа,су,ем шаралары	<p>Кереуеттегі жаттығулар Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз.</p>	<p>Демалу жаттығулары Жіпке байланған көбелектерді үрлеу Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз</p>	<p>Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.</p>	<p>Майтабанның алдын алу. Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру.</p>	<p>Кереуеттегі жаттығулар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу.</p>
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу. Тағамды толығымен шайнап жеу керектігін түсіндіру.				
Ойындар дербес әрекет.	<p>Үстел үсті театры: « Шалқан » ертегісі Мақсаты: Балаларға үстел үстінде ертегі</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Мамандық туралы түсінік беру .</p>	<p>Ойын – жаттығу «Қуыршық Сәуле қонаққа келді» Мақсаты:Балалардың</p>	<p>Ойын «Еріншектер» Мақсаты: саусақ моторикасын</p>	<p>Қимылды ойын: «Маймақ қонжық» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін</p>

	кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру		ойынға деген қызығушылығын арттыру,	жетілдіру	келтіріп жүруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Омарға мазмұнына қарапайым сөзтіркестерін, ойыншықтар мен күрделі емесшағын қойылымдарды түсіндіру;	Коркемге ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын сақтауды үйрету;	Исаға жаттығуларды көзбен бағдарлау арқылы ойын түрінде (жануарлардың қимылдарына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Назарға мазмұнына қарапайым сөз тіркестерін, ойыншықтар мен күрделі емесшағын қойылымдарды түсіндіру	Д.Мариямға іс-әрекет орындауға болатын қарапайым заттар-құралдарды қолдануды үйрету;
Серуендеу	Бақылау Бұлтты бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақрын, бірде тез жыжитынын түсіндіру. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Тәрбиешінің нұсқаумен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.	Бақылау Жаңбырды бақылау Мақсаты: Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, Қимылды ойын: «Бақалар» Мақсаты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды..	Бақылау Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: балалар назарын жапырақтардың жасыл- сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Қимылды ойын: «Асық, бірақ түсіріп алма» Мақсаты: Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіруге алуға жаттықтыру.	Бақылау Желді бақылау Мақсаты: Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел- бұл ауа қозғалысы. 2. Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады екен» Мақсаты: Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді.	Бақылау Аспанды бақылау Мақсаты: Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Өр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту
Серуеннен оралу	Киімдерін рет-ретімен жинау.				
Балалардың үйге оралуы. Ата-анамен сұхбаттасу	Ата-аналарға кеңес: «Баланың бақшадағы киімі»	Кеңес. «Бала денсаулығы»	Кеңес «Сауықтыру шаралары туралы»	Кеңес «Баланы мерзімге сай киіндіру»	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Қазан айының IV апта 25.10-29.10.2021 аралығындағы Кіші «Балапан» тобы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апта тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Табиғаттағы болатын өзгерістер, құбылыстар жайлы түсінік бере отырып күз туралы білімдерін кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.2021	Сейсенбі 26.10.2021	Сәрсенбі 27.10.2021	Бейсенбі 28.10.2021	Жұма 29.10.2021
Балаларды қабылдау. Ата –аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. «Бала және табиғат», «Баламен серуендеу». Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.				
Ойындар \үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б\	Үстел үсті ойыны: Бұл кімге керек? Мақсаты: әр түрлі заттарды көрсетіп, аттарын ататып, олардың еңбекте қолданылуы туралы түсіндіру, мамандықтармен таныстыру.	Саусақ ойыны Қуыршақтарға арнап дастархан әзірлейік Мақсаты: балаларды дастарханды дұрыс, мәдениетті әзірлеуді үйрету. Үстел жаюға арналған заттардың атын атату. Этика (әдеп) ережелерімен таныстыру.	Саусақ ойыны Неге (не үшін) оны істеу керек? Мақсаты: еңбекке қажеттіні қалыптастыру, білімде еңбек жағдайларын кеңейту.	Саусақ ойыны «Басбармақтай балақай» Мақсаты: Балалардың саусақ икемділігін жетілдіру, қызығушылық сезімдерін арттыру.	Үстел үсті ойыны: «Кім болам?» Мақсаты: әр түрлі заттарды көрсетіп, аттарын ататып, олардың еңбекте қолданылуы туралы түсіндіру, мамандықтармен таныстыру.
Таңертеңгіжаттығу	Ертеңгілік жаттығулар №4 Ойын. «Маған қарай жүріңдер» - топтасып бір бағытта жүргізу. «Торғайлар болып ұшайық» - жан – жаққа жүгіру (жеңіл жүгіру). Тәрбиешінің көмегімен шеңбер құрып тұрамыз.				
Мәдени гигиеналық дағды Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне	Дидактикалық ойын «Бұл ненің дауысы?» Мақсаты: Құстарды, жануарларды дауысынан ажырата	Дидактикалық ойын «Кім көп біледі?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру	Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалармен күз мезгілі туралы	Дидактикалық ойын «Таза- кір» Мақсаты: Тазалық және жеке бас гигиенасы	Қимылды ойын: «Маймақ қонжық» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге

дайындық.	білуге тәрбиелеу.		әңгімелесу.	туралы әңгімелесу	үйрету
<p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі табиғат.» Мақсаты: Балаларды жылдың күз мезгілімен, табиғаттағы күзгі ерекшеліктерімен таныстыру. Көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясында қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге дағдыландыру, тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.</p>	<p>1.Сенсорика. Тақырыбы: Дидактикалық ойын «Жемістерді себеттерге сал» Мақсаты Жемістер туралы түсінік беру, түстер мен пішіндерді ажыратуға үйрету.</p> <p>2.Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз». А. Берсенов. Мақсаты: Балаларға өлеңді зейін қойып тыңдауға, түсінуге және өз бетімен айтуға үйрету. Мазмұнын есте сақтау дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Отырып (арақашықтығы 50-100 см), допты бір-біріне домалату Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру.</p>	<p>1.Мүсіндеу Тақырыбы: «Ағаштағы алмалар.» Мақсаты: Балалар алақан арасына салып айналдыра домалату, тілдерін дамыту, ұсақ қол маторикасын дамыту.</p>	<p>1.Сурет салу Тақырыбы: «Қызыл сары жапырақтар, түсіп жерде жатыр» Мақсаты: «Батыру» тәсілі арқылы сурет салуға (ең қарапайым тәсіл-саусақпен салу), ағаш бұтақтарына, жерге жапырақтарды салу, оларды ауада орналастыруға үйрету. Қызыл, сары түстерді бекіту. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, зейіндік пен байқағыштыққа тәрбиелеу. Эмоционалды сезімдерін тудыру. 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: Кедергілерден (текшелерден) аттап өту. Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден аттай алуға дағдыландыру.</p>

Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
